



Терапиялық пайдалануға (ТП) өтінім беру үшін бақылау нысаны:

## Астма

*Тыйым салынған зат: Бета-2-агонистер*

Бұл бақылау нысаны спортшыны және оның дәрігерін ТП-ға өтінімге қойылатын талаптармен таныстыруға арналған, бұл талаптар ТП комиссиясына ТП Халықаралық Стандартының тиісті критерийлерін қанағаттандыратынын бағалауға мүмкіндік береді.

Тек толтырылған ТП өтінімі жеткіліксіз екенін ескеріңіз; сонымен қатар растайтын құжаттар берілуі ТИІС. Толтырылған өтінім мен бақылау тізімі ТП-ға рұқсат берілуіне кепілдік бермейді. Керісінше, кейбір жағдайларда заңды қосымшада бақылау тізімінде әрбір элементтің болмауы мүмкін.

<input type="checkbox"/>	<b>ТП өтінім нысаны қамтуы тиіс:</b>
<input type="checkbox"/>	Барлық бөлім түсінікті қолмен толтырылуы керек.
<input type="checkbox"/>	Барлық ақпарат ағылшын тілінде, аурудың диагнозы мен субстанция латын тілінде берілуі тиіс. Қазақ/орыс тілдеріндегі диагнозды растайтын құжаттар ағылшын немесе француз тіліне аударылып берілуі керек.
<input type="checkbox"/>	Емдеуші дәрігердің қолы
<input type="checkbox"/>	Спортшының қолы
<input type="checkbox"/>	<b>Медициналық қорытындыда</b> мынадай мәліметтер болуы керек:
<input type="checkbox"/>	Ауру тарихы: тыныс алу жолдары обструкциясының симптомдары, тудырғыш факторлар, қиындық тудыратын факторлар, асқыну, аурудың басталған күні (аурудың ұзақтығы), аурудың барысы (көрсетіңіз)
<input type="checkbox"/>	Тексеру нәтижелері: тыныштық кезіндегі ауа ағыны обструкциясы, дифференциалды диагноздың жоқ екеніне көз жеткізу
<input type="checkbox"/>	Диагностикалық тест нәтижелерінің қорытындысы: егер спирометрия қалыпты болса, қайтымсыздық тесті қосылады, егер екеуі де қалыпты болса, провокациялық тест қосылады
<input type="checkbox"/>	Симптомдар, белгілер және пульмонолог сынағының нәтижелеріне интерпретация
<input type="checkbox"/>	Бета-2-агонистер (ингаляцияда қолданылатын сальбутамол, сальметерол, формеретолдан басқа және терапевтік мөлшерде де, мұның бәріне әр кезде тыйым салынған) және / немесе глюкокортикоидтер (тек жарыс кезінде тыйым салынғандар және жүйелі тағайындалатын кезде) мөлшері, жиілігі, енгізу жолы көрсетіле тағайындалады.
<input type="checkbox"/>	Ағзаның алдыңғы/ағымдағы дәрі-дәрмектермен емдеудегі реакциясы
<input type="checkbox"/>	<b>Диагностикалық сынақ / шкала нәтижелері</b> мыналардың көшірмелерін қамтуы тиіс:
<input type="checkbox"/>	Ағындық қисығынан спирометриялық есеп
<input type="checkbox"/>	Бронходилататор енгізгеннен кейін (қайтымсыздық тесті) ағындық қисықтан спирометриялық есеп, егер спирометрия қалыпты нәтиже көрсетсе
<input type="checkbox"/>	Мойындалған провокациялық тесті құжаттау (ағындық қисықпен спирометрия туралы есеп те кіреді) , егер жоғарыда көрсетілген спирометрлердің екеуі де қалыпты нәтижелерді көрсетсе.
<input type="checkbox"/>	<b>Қосымша ақпарат, оның ішінде:</b>
<input type="checkbox"/>	Ең жоғары ағындарды тіркеу, аллергияға жүргізілген тест нәтижелері, алдыңғы спирометриялық және провокациялық тестердің нәтижелері